



*«ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ
ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»*

*атты халықаралық
ғылыми-практикалық конференция*

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 23 қазан, 2017 жыл

Ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері
Т. Кәкішұлының 90 жылдығына арналған

**«ТҮРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ
ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 23 қазан, 2017 жыл

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы, профессор Ө. Әбдиманұлы

Жауапты шығарушылар:

А.Б. Темірболат,

А.Ш. Асқарова, Ш.А. Шортанбаев, Б. Баязитов

АЛҒЫ СӨЗ

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ – ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Тұрсынбек Кәкішұлы есімі ісі қазаққа ғана емес, алты Алашқа кенінен мәлім. Оның қаламынан шыққан ғылыми еңбектер тұтан халқымен қатар тұтас түркі жұртшылығының да игілігіне қызмет етуде. Сондықтан да Тұрсынбек Кәкішұлының 90 жасқа тоғу мерейтойы қазақ әдебиеттануы мен әдебиет сыны саласындағы айтарлықтай айшықты оқиғалардың бірі деп білемін.

Қазақ халқы қашанда дарындарға кенде емес. Ел ішінде ғалым да, ойшыл да, кемеңгер де, өнерпаз да жеткілікті. Алайда, ғалым көп те, қайраткер аз. Талантты көп те, тұңға аз. Қашанда асылдардың аз болатыны, сирек кездесетіні табиғи заңдылық емес пе?! Тұрсынбек Кәкішұлы – осындай санаулылар санатындағы асыл тұңғалардың бірі де бірегейі деп ойлаймын.

Ол – сөгіз қырлы, бір сырлы жан. Оның алуан түрлі асыл қырларын сөз етуді арнаулы мамандардың үлесіне қалдыра отырып, біз осы орайда қал-қадарымызша жан-жақты тұңғанын ғалымдық және қайраткерлік келбетін ашуды мақсат етіп отырмыз. Өйткені оның басқа қырлары осыдан тамыр тартып жатыр ғой деп ойлаймыз.

Қазақта «ғылым – інемемен құдық қазғанмен бірдей» деген сөз бар. Бұл ғылымның табытатын, ғалымның қасиетін тап басып айтылған сөз. Өйткені, ғылым жолы – ауыр жол, табиғи қарым-қабілет пен дарыннан бөлек, айнымас мінезді, мол күш-жігерді, тынымсыз табандылықты, қажымас қажыр-қайратты талап ететін күрделі жол. Осынау қасиеттер бір бойында тоғысқан жандар ғана ғылымда өзіндік із қалдырып, адамзаттың рухани қазынасына үлес қоса алмақ. Осы жағынан келгенде, Тұрсынбек Кәкішұлының бір басында аталған қасиеттердің барлығы бар деп есептеймін. Оған ғалымның артына қалдырған мол ғылыми

«Тұрсынбек Кәкішұлы және әдебиет тарихының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары: ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері Т. Кәкішұлының 90 жылдығына арналған. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 306 б.

ISBN 978-601-04-2922-2

Ғылыми жинақ көрнекті әдебиеттанушы ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп Ғылым академиясының Құрметті академигі, Елордалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының 90 жылдық мерейтойына арнайы шығарылды. Ұстаз-ғалымның қайраткерлік келбетін, азаматтық тұңғасын және зерделі зерттеушілігін танытуға арналған жинаққа белгілі қоғам қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдар мен жас бұрын зерттеушілердің еңбектері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, ізденушілер мен жас қаламгерлерге, жалпы әдебиет сүйер оқырман қауымға арналған.

МАЗМҮННІ

Муртамов Ғ.М. Алғы сөз	3
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖЛІС	
Орасалин Н.М. ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ	7
Қалижанұлы У. ҰЛТ ТҮЛҒАСЫ	10
Қара Ә. ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ	18
Осман А. АР МЕН НАМЫС ИЕСІ	27
Ервәбек Қ. АЗАМАТТЫҚ БЕДЕЛ, ҒЫЛЫМДЫҚ КЕМЕЛ	31
Негімов С. ҚАРА БАЛГАДАЙ ҚАЙРАУЛЫ ҚАРА НАР ЕДІ!	39
Дәубаев Ж. АРДАҚТЫ ҰСТАЗ	46
Смағұлов Ж. «ОҢАША ОТАУДЫҢ» ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ	51
Әлімжанов Б. КЕН ІЗДЕГЕН ЖИРАҢКЕЗ	64

1-СЕКЦИЯ. Т. КӘКІШУЛЫ – ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Әбдіманұлы Ө. ҒЫЛЫМДА ШЫНДЫҚ ШЫРАҒЫН ЖАҚКАН ҒҮЛДАМА	80
Ысқақұлы Д. ӘДБИЕТТІҢ АРЫН АРЛАП	89
Сейтжанов З. АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ	100
Жұмағұл С.Б. ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ АЛЫБЫ	104
Нұрпейісов Н. ҰСТАЗДЫҚ ПАРЫЗ БЕН ШӘКІРТТІК ҚАРЫЗ	110
Ниязова Ғ.М. ҰЛТЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН ҰЛЫҚ ТҮЛҒА	114
Көмбаева М. Р. ҒАЛЫМ Т. КӘКІШЕВТІҢ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ	122
Шортанбаев Ш. КӘКІШУЛЫҢЫҢ КІСЛІК КЕЛБЕТІ	126
Женісқұлы Ш. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫҢЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ	133

2-СЕКЦИЯ. Т. КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ақыш Н. ТҮЛҒАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС	138
Есембеков Т. О., Қадыров Ж. Т. ТЕРЕҢ ТАҒЫЛЫМ, ҰЗДІК ӨНЕГЕ	142
Тленов Ж. ЕСІМИ КАСТЕРЛІ ЕЛ ПЕРЗЕНТІ	147
Мәдібаева К.К. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫҢЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДБИЕТТАНУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ	151
Омарова Г. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ ЗЕРПТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАР МӘСЕЛЕСІ	158
Рахманова Н.М. СӨЗ БЕДЕРІНІҢ ЖАНҒЫРЫҒЫ	164
Қалқабәева С.Ә. Т. КӘКІШЕВТІҢ ӘДБИЕТ ХАҚЫНДАҒЫ ЗЕРПТЕУЛЕРІ	170
Әбдіқалық К. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ «АЛАШ»	174

Жұмағелдин Ж.Ш. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ (Т. Кәкішұлы шығармашылығы негізінде)	179
Мүлік Д. «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАК КЕШУ» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЛІХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ	184

3-СЕКЦИЯ. Т. КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ ӘДБИЕТ СЫНЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асқаров Н. РУХАНИ МҰРА ЖОҚШЫСЫ	191
Иманғалинов М.М. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ – СЫН ЖАНРЫНЫҢ КОРИФЕЙІ	196
Бәмітұлы Б. ӘДІЛДІК МҰНАРАСЫ	207
Асқарова А. Т. КӘКІШУЛЫҢЫҢ СЫНШЫЛЫҚ ЖОЛЫ	212
Кожекеева Б.Ш., Сисенбиева Э.С. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ ӘДБИЕТ СЫНЫҢ ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ	223
Жұмағұлов А.Б. Т. КӘКІШЕВ ЖӘНЕ ӘДБИЕТ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ	226
Ербай Т. ҚАЗАҚ ӘДБИЕТІНІҢ ҚАЙРАТКЕРІ	233
Бажикеева К., Қанафин Т. Т. КӘКІШУЛЫ – ҰЛТТЫҚ ӘДБИ СЫН ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУШІ	238
Әбдіқұллова Р., Османова А. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРКІШІЛДІК БАҒЫТ ТУРАЛЫ	245
Үсен А. ҒАЛЫМНЫҢ АСЫЛ АМАНАТЫ	255

4-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ӘДБИЕТІ ТАРИХЫ МЕН СЫНЫН ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұрысбек Р. СӘБИТТАНУ САБАҚТАРЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ	262
Болатова Г.Ж. ЖОО-ДА Т. КӘКІШЕВ ЕНБЕКТЕРІНДЕГІ ӘДБИ-СЫН ДИСКУРСЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	271
Асқарова А. Т. КӘКІШУЛЫҢ СӘКЕНТАНУ ШІМІН ӘДБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ТИМДІЛІГІ	278
Адилова А.С. Т. КӘКІШЕВТІҢ «САДАҚ» КІТАБЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	289
Айтбаева А.Е. ҚАЗАҚТЫҢ ТӨНКЕРІСШІЛ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ Т. КӘКІШУЛЫ	297

Ғылыми басылым

Ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері
Т. Кәкішұлының 90 жылдығына арналған

**«ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҮЛЫ ЖӘНЕ
ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРІ»** атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 23 қазан, 2017 жыл

ИБ № 11332

Басуға 19.10.2017 жылы қол қойылды. Формат 60x84 1/16.
Көлемі 19,2 б. т. Тапсырыс № 5343. Тарауымы 50 дана.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

КӘКІШҰЛЫНЫҢ КІСЛІК КЕЛБЕТІ

«Ұлттына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» екенін барша саналы тұмырын ұлтқа, онын болашағына қызмет етуге сарп еткен алаштың рухани көсемі Әлихан Бөкейханның айтуы тегін емес. Ұлтқа қызмет етудің машақатын сезе тұра, міндетсіз-бей, керексіз кен, терексіз тең, еркін, азат ел болудың азабын біле тұра, алаш идеясына табан тіреп, арқаланған алаш рухты азаматтар әр кезеңде болды. Аз да емес, көп те емес. Сол шотырдың ішінен табылған білімді һәм мінезді зиялылардың қатарында филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы ғалым, ұлт қайраткері Тұрсынбек Кәкішұлының болуы талас тудырмасы анық.

Бағалық, бозбағалық шағы отызыншы жылдардағы ойранмен, қырқыншы жылдардағы қырғынмен тұспа-тұс келіп, сан түрлі тағдыр тауқыметін көріп өскен, сөйтіп, «өртеңге шыққан ұрпақтың» (Т. Кәкішұлы) өкілі ретінде ерте есеюге мәжбүр болған Тұрсекеннің замандастарының иығына, жауапкершілігіне алаш арыстары, алыштар тобы аманаттаған ұлы міндеттердің қатарында, ең алдымен, рухани кеңістігіміздің көкжиегін кеңейту, әдебиет пен мәдениетті өркендету, киелі сөз өнерінің қасиетіне дақ түсірмей, келер ұрпаққа жеткізу мәселелері артылды. Тұрсекеннің үзентгілестері ұлы мақсатты орындау барысында, ұлы дәстүрді, арыстар аманатын жапғастыруда, шын мәнінде, ұлы көшір болы алды. Ағалар аманатына адалдық танытты. Келесітік жүйе талабын орындағанымен, Алаш рухын сезініп өсті, түйсінігі-тұжырымыдады. Кенес билігі қатге санаған алаш идеясына, олардың халқы үшін атқарған ерен ісіне деген алғаусыз көңілдерін жүрек түкпірінде сақтап, таразыға салып, сарапал, салмақтап жетілді. Ел мүддесі, ұлт мұраты жолында аянбай еңбек етсе, алаштықтықтардың арманын жүзеге асырғандары, идеясын қуаттап, жолын жалғандары деп түсінгеніміз жөн. Тұрсекенмен өмірге қатар келіп, әдебиет майданында бірге еңбек еткен құрдас замандастарының қатарында Темірбек Қожакеев, Зейнолла Қабдолов, Заки Ахметов, Рахманқұл Бердібаев, Нығмет Ғабдуллин, Мүсілім Базарбаев, Әбділхамит Нарымбетов, Серік

Қирабаев, Айқын Нұрқатов, Бағамер Сахариев, Мырзабек Дүйсенов, Сейділда Ордалиев және т.б. бар еді. Әрине, тізім мұнымен түгелсіздік емес. Әдебиет әлемінде соны соқпақ, өзгеше сүртеу салған, ұлт руханиятының ұраншысы болған, тіршілік барысында еңгімелері де, әзілдері де жарасқан, бүтінде 90 жылдық мерейтойлары кенінен аталып өтіп жатқан «тоқсанның тобындай» болып көрінетін, үркердей шоғыр ғой бұл. Сол топтың тізгінішіндей, темірқазығындай болған, сырт көзге қатап, сұқты көрінгенімен, жақсыны жатырқамайтын, ұлтқа қызмет етуден аянбайтын адулы жандардың бірі, бірегейі Тұрсынбек Кәкішұлы еді.

Ақты ақ, қараны қара деп қана таныттын болмысынан бір айнымай, шындықтың, ақиқаттың жолы ауыр екенін біле тұра, қасқайып қарсы тұрғанына талай жұрт куә. Теле-радиода сөйлеген сөздерінен, газет-журнал беттеріндегі сұхбат-мақалаларынан, түрлі іс-шараларда, жиындарда айтқан ой-пікірлерінен ел мүддесі, ұлт мұраты, ұрпақ мәселесі, т.б. туралы кесімді пікірлері айқын антарылатынын, түйінді, тұщымды тұжырымдарын жалтақтамай, күлбілтелмей, ашық ортаға салатынын оқыған, тыңдаған, куә болған ел аңыздай қылып айтатын, айызы қанып сүйсінетін.

Өмірде, ғылымда талай жылы серік болған үзентгілес досы, құрдағы, академик Серік Қирабаевтың сөзімен айтсақ, «Тұрсекеннің аумалы-төкпелі мінезі болғанымен, көзқарасы тұрақты». Болмаса «Тұрсынбек айтатын сөзді мен де айтамын, бірақ мен сөзін келтіріп барып айтамын, ал ол болса бірден шабуылға көшіп, бірден тұмсықтан переді» – дейтін Зейнолла Қабдолов замандасының әзіл-қалжың араласқан сөздерінен Тұрсекеннің азаматтық болмыс-бітімі, шындықты айтуда, ақиқатты мойындатуда қандай да болсын іс-әрекеттерден тайынбайтынын байқаймыз.

Ұстаздық пен ғалымдықты қатар ұштастырып, білікті маман даярлау, саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде де ерен еңбек сіңірген көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиет майданы, сын сапары, тәуелсіз еліміздің мүддесі, ұлт мұраты жолында атқарған зордәлі зерттеулерін, тынымсыз еңбектерін, парасатты ой-толғамдарын ерекше ілтипатпен айтуға тиісіміз.

Түрсынбек Кәкішұлының ғылымдағы ғұмыры өнегелі өмірімен қатар өріліп, соқтықпалы, соқпақты, «тар жол, тайпақ кешу-лі» тағдырлы болғаны да анық жайт. Әдебиеттану ғылымының майданына араласқан тұстан бастап оның арналы саласында еркін жүзуді қаламай, кез-келгеннің жүрегі дауалай бермейтін қиынына, төреніне бойлауды, жана заман әдебиетінің жанашыл бағытымен қатар қайшылықты, күрделі мәселелеріне ден қойып, әдебиеттің ақтандық беттерін, тасада қалған өкілдерінің тынысын ашып, қатпарды, жынысты қойнаулан қазына іздеп, кен аршығандай еңбек етуі, сөз жок, баға шағынан бойына сіңген, бойкүйездіктен ада мінезінен, талапшыл тапғамынан, ерен еңбек-қорлығынан туындап жатқандай әсер қалдырады. Осы қасиеттер ғылымын ғылыми сапарында үнемі бойынан табылып, саф алғына қол жеткізудің қаншалықты азатты еңбекті талап ететінін көріп өскен (алтын өнеркәсібі жұмысшысының отбасында тарбиеленіп, жас кезінде алтын іздеуші болып еңбек еткенін мән-зеп отырмыз) еңбегі еш кетпей, ғылымдағы кенді аршып, алтынды (талантты) табуда, еңбегін ел қажетіне, игілігіне ұсынуда жасаған талмай ізденісі, ерен еңбегі рухани қазынамызды молайтып, алтын көмбемізді толықтыруға үлес болып қосылғаны мақтанышпен айтамыз. Рухани дүниемізді шың асығна, тоғ бастас алғына теңеп, сол кеністігіміздің жоқшысы, барлаушысы болған ғылымның еңбегін алтын іздеушіге балағасқ, сіре, асыра айтқандық бола қоймас.

Ғылыми-шығармашылық сапарының бастапқы кезеңінде ХХ ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешіп, аумалы-төкпелі заманның тауқыметін көріп өскен, әдебиет тарихындағы орны беймәлімдеу болып келген Жиенғали Тіленберенов, Сабыр Шәріпов, Елжас Бекенов, Саттар Ерубаев және т.б. қаламгерлердің тасада қалған шығармашылық мұрасын зерттеуге зор үлес қосты. Әдеби-ғылыми айналымға түсіп үлгермеген туындыларын, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткенін ерекше бағалап, ел көзіне түсе қоймаған шығармаларын тауығ-жинап, басын қосып, олардың ұлттың рухани қазынасын байытпаса, кемітпейтінін, олардың шығармашылығының пайдалы жақтарын айқындауға күш салып, шығармаларында өз дәуірінің бейнесін, шыңдығын сомдауға талаптанғанын дәлелдеуге келгенде аянып қалмады. Мәселен, бірді-екілі саны қолына тиген «Салақ» журналының соңына түсіп, түгендеу барысында қаншама тың дүниеге, беймәлім

туындыға, аты-жөні көпшілікке белгісіз шығармашылық иелеріне кезіккенін, олардың тағдырына бей-жай қарай алмай, үнемі жалында ұстап, жүрген-тұрған жерлерінде, мұрағат мәтериалдарын ақтарған сәттерінде көңілі алаңдаулы, санасы саяқ болғанын аңғарамыз. Кенестік кезеңде мұрағатта жұмыс істеудің машақатын көп көргенін, қырағы көздерден тасаланудың сан түрлі «әдіс-айласын» ментеруге тура келгенін айтып та, жазып та жүрді. Тірнектеп жинап, түртінектеп тапқан олжасын ел қалдесіне, әдебиет мүддесіне жаратуға ұмтылған талабы негізжесіз болған жоқ, орине. Мақала жазып, ел-жұртың құлағдар етті. Шығармашылықтарын зерттеп, ғылыми айналымға қосты. Баспада істеп, жинаған тәжірибені қажетіне жаратып, кітабын, жинағын шығарды. Әдебиет тарихындағы орнын бағамдауға тырысты. Табанды істі, қажымас қайратты талап ететін еңбегі жанып, ел-жұрты рухани мұрамен сузылды. «Өшкенді жандырып, өлгенді тірлітуді», ұлт қажетіне жаралуды, оған қызмет етуді бірінен артық санайтын Түрсекеңдей асыл азаматтың арманы орындалды. Мұның бәрі айтуға оңай болғанымен, орындалуы, жүзеге асуы асқан тәзімді, көп уақытты қажет ететін ол кезде. Мәселен, Сабыр Шәріповтің дайындалған жинағын жарыққа шығаруға 12 жыл қажет болғанын, біреу білсе, біреу білмес, бүгінде Жиенғали мұрасымен елін қауыштыруға асыққанымен, уақыт, заман өз дегенін жасағанын білеміз. Саттардың, Елжасынның келке беймәлім шығармаларын жариялау, зерделеу де оңайға соқпады. Танымалды таныту көптің қолынан келетін іс екенін, ал тасада қалған тұнғаны «тіріттің», «ер дарынының тарихта өз орны бар» екенін дәлелдеу дара талантың, жанкешті ғылымның ғана жасай алатынын, қыруар еңбекті, мол мехнатты талап ететін тірлік екенін мойындадты. Тірнектеп жинау, баспата ұсынып, жариялау өз алдына, ал оны зерттеп, зерделеу, көпшілікке танытып, айналымға қосу кезек күттірмейтін күрделі, қажет мәселе екенін санамызға сіндірді. Бастаған істі аяғына дейін жеткізу, жан-жақты, кешенді түрде жұмыс жасау – ғылымның әзегі әдеті, ұстанымы. Соңғы жүз жыл көлеміндегі қазақ әдебиетінің көкейтесті мәселелерін, тарихын, сынын, жекелеген өкілдерін, шығармашылық әлемін зерттеу барысында басшылыққа алған қағидағынан жанылмағанын көріп-білгенімізден ой түйгендегіміз бұл.

Кенестік кенестікте діл, дін, тіл секілді ұлттық, рухани құндылықтардың теперіш көргені әмбеге аян. Соның ішінде елуінші

жылдары казак тілі мәселесінің көрсетісі, көкжиегі тарылып, өз елінде өгейсіретінін, казак мектептерінің жабылып, аралас мектеп дегеннің белен алуын ұлт болашағына жасалып отырған қиянат ретінде бағалап, жеке бас мүддесін ысырып, қоғамдық өткір мәселеге дер кезінде үн қатқандардың бел ортасында жүруі Түрсекееннің азаматтық ұстанымының айқындығын, ой-санасының серректігін танытады, бергін келе осынау азаматтық үні, ұлтжанды қасиеті болмыс-бітімін, парасат-пайымын айғақтайтын «төлікжұкатына» айнағанын білеміз.

Тарих қойнауына сүнгітілуіне шак қалған айтыстың қайта жандануына, ана тіліміздің мәртебесінің іс жүзінде оралуына, шетте жүрген қарақоз қандастарымыздың атажұртына бет бұруына, рухани мұрасының түгенделіп, шашау шықпай жиналуына, тарихи тұлғаларымыздың тұтан халқымен қайта қауышуына, әлебиетіміздің ақтандық беттерін, тағдырлы тұлғаларын ашуда, анықтауда қосқан үлесін және т.б. таратып, тізіп айтудың өзі бір мақала көлеміне сыймайтыны анық.

Әсіресе, тәуелсіздікке қолымыз жетіп, еркіндігімізді дүйім ел мойындаған сәттен бастап, ел-жұртымыздың жоқ-жігітін, рухани кеңістігіміздің осал тұсын, «ақтандық» беттерін толықтыруға бет алған тұста, Түрсекееннің шабытына екпін, қаламына қуат, қадамына серпін қосылғанын аңғармау мүмкін емес. «Бадалан басымен, тұрымтай тұсымен» болған алмағайып заманда шартаранға тарылдай шашылған қандастарымыздың тағдырына бей-жай қарамай, Қытай, Монғолия, Түркия, Франция, Иран, Мысыр, Польша, Ресей т.б. сапарларынан олардың тіршілігінен тыныз байланыста болып, елге оралуына жағдай жасалуына да өзін жауапты сезінетін. Көші-жон мәселесіндегі түйінді түйткілдер, казак диаспорасы көбірек шотырланған елдердегі рухани қазынамыздың жай-күйі, бағдары, оны елге төкпей-шашпай жеткізу мәселесі туралы жиі қозғал, ел жадынан өше бастаған есімдерді қайта тірілтуге, кенес тұсында кеткен есемізді еселеуге, рухани кеңістігімізді толтыруға сүбелі үлес қосып, қомақты көмек жасағанын рухани ерлікке, азаматтық іске пара-пар еңбек екенін айтуға тиіспіз.

Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми зерттеулерінің бір ұшы Са-кенге қатысты мәселелерге тірелетіні анық. 1959 жылы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын, артында қалған әдеби мұрасын жинайтын, зерттейтін экспедиция құрамына іріккен сәттен бастап өмірінің соңына дейін ақын өміріне, әдеби

мұрасына, өскен ортасына қатысты жайттар ғалым назарынан тыс қалған емес. Сәкентану – ғалымның көп жылдардан бері қалам тартқан сүйікті де сүбелі тақырыптарының бірі. Сондықтан да дауыспаз ақынның қилы тағдырына байланысты жылт етер жандылыққа, көңіл аударар дерекке құлақ түре жүруі әдетке айналған. Сәкен жүрген, аялдаған, болған жерлерді шарлап, табанының ізі қалған қиырларды шырлағаны да шыныдық. Сәкен өмірін, шығармашылығын зерттеуде қолда барды, мұрағат материалын немесе естіген-білгенін ғана місе тұтып қоймай, ақын өмір сүрген дәуірді, ортаны жіті зерделеіп, шығармашылық, рухани, туыстық, жолдастық қатынаста болған, болуы мүмкін-ау деген, тікелей болмаса жанама қатысы бар жандармен жанаса кетіп, азаматтық, адами болмысын, тұлғалық, бекезаттық қалпын, кісілік, кішілік келбетін терең тануда, танытуда ұмтылатын, сөйтіп, өмірімен де, өнерімен де казак ұлтының біруар азаматына айналған тұлғасын жан-жақты сомдап, санана өшпестей етіп шетелейді. Сәкенді жақсы көрген, құрмет тұтқан, аялаған талай жанды естідік, ал Сәкенге Түрсекеендей ынтық, ынтызар, адал болған, шексіз сүйіспеншілігі мен махаббатын арнаған адамды кездестірмеген болармыз, сіз бен біз.

Сәкен жүрген сұрлеумен Ақмола, Алматы, Қаратанды, Көкшетау, Қызылжар, Қереку, Омбы мұрағаттарын ақтарса, енді бірде Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Қазан, Уфа, Орынбор шаһарларына сапарлап, ақын өміріне, әдеби мұрасына қатысты бар құжаттарды, мұрағат материалдарын, түрлі деректер жинаудан, жариялаудан, зерттеуден есте жалыққан емес.

Ел арасына шығып Сәкенді көзі көрген қариялармен де, көнді кеткен ару апаларымызбен де, серік болған серулермен де жүз-бе-жүз кездесіп, тілдесіп қалуды өзіне міндет санап, титтей деректен тұшымды түйін, тұжырым жасауда шеберлігі, ол кісілердің аузына сөз салып, суыртпақтап сыр тартып, келмес күндер елесін көңілде, санада жантыртуға қатігез, құмбылдыңы туралы тағай естідік, зерттеулерінен оқыдық.

Тағдыр тәлкегімен түрлі жағдайда, әр түрлі мақсатпен басына төнген қауіп-қатерге қарамастан Сәкен Бетпақдала өңірін үш рет кесіп өтуге мәжбүр болған. Оның әр сапарының мақсатын, нәтижесін түрлі деректерден, көнекөз қариялардан, ел аузынан естіген-білгендерін хат-қағазға түсіріп, саяхатының жашы қартасын, Маршруттың жасап, Сәкен жүрген ізбенен Үспен-Нілді-Ағалдыр-

Киик-Мойынты-Сарышаған-Қашқангеніз-Мынарал-Бұрылбайт-ал-Ханшенгел-Алматы бағытын арапал, көп жайдың, ақын өмірі-не қатысты шындықтың шынайылығына көз жеткізе түседі. Са-кен өміріне қатысты тың мәліметтер іздестіре жүріп, оның үзең-гілес серіктері, замандастары, қызы-қыстауда жанынан табылған атқосшылары Бәкен Серікбаев, Жанайдар Сәдуақасов, Сапалай Исатаев, Шаймерден Әлжанов, Қайыба, Көкеш, Меруерт, Рахила т.б. сынды қазақтың ауулы ұл-қыздары туралы, Ахмет ишан, Ма-дібек болыс және т.б. тұлғалар жөнінде ел ішіндегі әңгімелерге ден қойып, анық-қанығына көз жеткізеді.

Сапарлар, саяхаттар, зерттеулер нәтижесінде Мәскеуден «Жас гвардия» баспасынан тамаша адамдар өміріне арналған се-римен шыққан «Сәкен Сейфуллин», «Ұштасқан үш өзенмен», «Садақ», «Сандағатқан «Садақ», «Сәкен аялаған арулар», «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан және Сәкен», «Ескірмейді естелік», «Толғам», «Жаяусалдың серуендері» кітаптары дүниеге келді.

Ұлттық болмыс пен тарихи сана мәдениетін дамытуға, жантүртуге, ғылыми-зерттеушілік ой-танымдымыздың кемелден-уіне, сәкентану, сәбитану ғылымдарының қалыптасуына үлес қосты, рухани кеністімізді тұмшалаған еуроцентристік көекарасқа сын көзбен қарауға, ұлттың ұнайын түтендеуде көзсіз бағылдыққа тәрбиеледі.

Қазақ әдебиеттану ғылымының арналы саласы саналатын сын жанрдың, оның арғы-бергі тарихын зерттеп, ұзақ жылғы ізденісі-нің нәтижесінде «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты сапалы оқулық дүниеге келді. Қазақ әдеби сынының жанр ретіндегі туу, қалыптасу және даму, кемелдену тарихын жүлгелеп, жөнге кел-тіруге, келелі мәселелерін кешенді түрде зерттеуге саналы ғұмы-рын арнады, ғылыми мектептің негізін қалады.

Иә, саналы ғұмырында ақиқатты айтар жолбасшы, шындық-ты нұсқар ақылман, ұлттың сүйген, елі сүйінген абыз бола алды. Ғылымда адал, өмірде шыншыл, қоғамда серже бола алған Түрсе-кенді осынау сипаттары даралайтын, осы қасиеттері ерекшелен-діріп тұратын. Қажымас қайраткерлігі, азаматтық болмысы, ақиқатқа інкәрлігі тұлғалық қасиеттерінің сипатын айқындай тү-сетін.

Ал Тұлға болудың, дара болудың қашанда салмағы ауыр, жо-лы бұралған болғанымен, жарығы мол, шуағы сәулелі болатыны, жылуы жанымды жадырататыны анық.

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Жеңісқызы Ш.,

І. Жансүгіров атындағы

Жетісу мемлекеттік университетінің

магистранты

Ақын, жазушы, ғалым, өнер иелері – жаратушының халыққа берген баға жетпес сыйы. Олардың қайталанбас, біртуар туын-дылары арқылы өзге жұрт белгісіз елді таниды, құрметке бөлене-ді, ал халқы солардың әлемді тамсандырған шығармалары арқы-лы рухы үстем елге айналды. Көрнекті ғалым, сыншы, әйгілі са-кентанушы, филология ғылымының докторы, профессор, акаде-мик Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиет тарихындағы қомақты ен-бектері – соның айқын дәлелі. Тұрсынбек Кәкішұлының өмір жо-лы – ғалымдық жол. Ғалым жолы – азапты да ауыр жол. Осы жолда ол ізденді, еңбектенді, оқыды, жазды, жариялады, насихаттады, ұлт мүддесі үшін күресті және шәкірт тәрбиеледі деп тағысын тағы тізе беруге болады.

Ғалымдық жолы. Бүтінде ұстаздардың ұстазына айналған, ұлт руханиятының қорғаушысы атанған Тұрсынбек Кәкішұлы-ның ғылыми еңбектері – бұла бастаудың көзі.

Жиырмаөыншы жылдардағы қазақ әдебиеті – қазақ әдебиеті-нің күрделі кезеңі. Саяси партиялардың өзара айтысқан, әдеби ағымдардың тартысқан, аянбай майдандаласқан кезеңі туралы зерт-теу жасау екінің бірінің қолынан келмейтіні хақ. Ал академик Т. Кәкішұлыәдебиеттану ғылымына араласқан сөттен бастап, үлкен тәзім, шынайы ізденіспен әдебиеттанудың қайышылықты, күрделі мәселелеріне бел шеше кірісті, архив кезді. Әдебиет тарихы мен сынына сүбелі үлес қосты. Тасада қалған ауулы тұлғалардың өмір жолдарына қатысты деректер мен шығармаларын жариялады. Ұзақ жылғы ғылыми-публицистикалық еңбегінің нәтижесінде жарық көрген 50-ге жуық кітаптары мен мыңға жуық ғылыми мақалалары мен сұхбаттары, баяндамалары мен жолсапарлары, мұрағаттық деректерінің легі илеялық-тақырыптық жағынан, мазмұны жағынан, рөлі жағынан алапат еңбектер қатарында.

Қазақ қоғамы мен өзінің сүйікті кәсібіне арымен қызмет еткен академиктің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1967), «Қазақ совет